

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

М. МонтессориЖАРИЯЛАНДЫ
10.03.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/67364/>**Шуканаева Рая**

1870-1952 жылдар аралығында кішкентай балаларды тәрбиелеп оқытуға байланысты, ерекше әсерлі жүйені жер шарына кеңінен әйгілі еткен көрнекті үздік итальяндық ғалым, дәрігер-антрополог, философ, психиатр және психолог, педагог-гуманист Мария Монтессори.

1896 жылы Рим университетінің медициналық факультетін бітіргеннен кейін М.Монтессори Италиядағы әйелдерден шыққан бірінші медицина докторы болып табылды.

Монтессори әдістемесінің принциптері:

Автор баланың жан – жақты дамуы үшін ең алдымен мыналар қажет деді:

1. Баланың білім алуы мен танып білуіне жағдай жасалған арнайы орта ;
2. Баланың әрекеттерін сырттай бақылаушы және оған көмекші рөлін атқарушы тәрбиеші;
3. Жеке тұлғаны дамытушы жылы аймақ.

Монтессори әдісінің мақсаты:

- Балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу.
- Өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру.
- Балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори педагогтың міндеті:

- Балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу.
- Негізгі түстерді айыра білуге үйрету.

- Ұсақмоториканы дамыту.
- Алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру.
- Зейінін тұрақтандыру.
- Тәртіпке үйрету.

Монтессори 5 аймақтан тұрады:

1. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы.
2. Сенсорика аймағы.
3. Математика аймағы.
4. Тіл аймағы
5. Ғарыш аймағы.
6. **Күнделікті өмір жаттығулары аймағы:**

Күнделікті өмір жаттығулары аймағы кішкентай балалар үшін ерекше маңызды. Материалдар бала өзі істейтін ісінің мақсатына ықпал ететін жағдайда таңдалынады. Бала өзі киінуге (түйме, кнопка, сыдырма, жіпшелер, түйрегіштер, баулар, банттар, ілмектер сияқты заттар салынған рамкаларды пайдалана отырып) үйренеді. Ұқыпты бір нәрсені құюға, төгуге, ыдыс жууға, айна сүртуге, киім – кешек жууға, шынүтікпен оны үтіктеуге, салаттар жасауға, көкөністер тазалауға, кесуге, майдалауға, жаңғақ шашуға, аяқ киім тазалауға, бір жерден екінші жерге тасымалдауға өзіне – өзі қызмет етуге үйретеді.

2. Сенсорика аймағы:

Бұлаймақта бала қоршаған ортаны зерттеуде өзінің сезімдерін қолдана білуге үйренеді – осындағы материалдар қылы өзінің көру сезімін (Түрлі түстікестелер, көлемі мен пішінін ажыратуға арналған материалдар т.б). Сипап сезу сезімін (сипау үшін тақтайшалар, маталардың қиындыларының жиынтығы т.б). Иіс сезу (иістері бар жәшікшелер). Дәм сезу (дәм сезу банкашалары т.б). Есту сезіміне (шуылдайтын қорапшалар, музыкалық аспаптар т.б) жетілдіреді, сол сияқты температураны ажырату, заттардың салмағының айырмашылығын білуге және естесіне сақтауға қабілеттерін жаттықтырады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.